

Археология алыбы

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті тарих мұражайының қабыргасында көрнекті ғалым, белгілі археолог Виктор Зайбертті еске алу кеші өтті. Шараға Виктор Федоровичтің туыстары, достары, әріптестері мен шекірттері қатысып, оның ғылыми мұрасы туралы әңгімеледі.

Виктор Зайберт – тарих ғылымдарының докторы, археология профессоры, Қазақстанның Әлеуметтік ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі. Бүкіл әлемге Ботай мәдениетін таныстырган зерттеушінің артына қалдырган мұрасы аз емес. Ғалым – жүз-



ден астам ғылыми мақала мен монографияның авторы. Археолог Кембридж, Оксфорд, Белфаст, Ньюкасл және Эдинбург университеттерінде “Еуразия археологиясы” атты тақырыпта дәрістер оқыған. Виктор Зайберт ғұмырының көп белгілі біз-

дің университетпен байланысты. Ол мұнда студенттерге дәріс оқып, ғылыми орталықты басқарды, кафедра менгерушісі, университеттің студенттері мен оқытушылары қатысатын Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының же-

текшісі болды.

– Университеттің тарихи мұражайында белгілі ғалым Виктор Зайберт атындағы залдың болуы көнілге қуаныш үялата-ды. Қазақты әлемге танытқан осындай азаматтың әр ісі үрпаққа үлгі. Оның еңбектері жастардың бойына елге, тұған жерге деген махабат үялатады, – дейді университет ректорының кеңесшісі Ерлан Тоқшылық.

Виктор Зайберт атындағы залда Ботай мәдениеті туралы деректермен танысуға болады. Археологтың өмір жолы туралы мағлұматтар да осында жинақталған.

Диана ХАЛИМОВА,
М.Қозыбаев атындағы
СҚУ-дың медиа-
орталығының бас
редакторы.